Күтілетін нәтижелер: бастауыш сынып оқушыларының бастапқы (төменгі) деңгейлерін белгілеп алып, жоғары деңгейге жеткізуге тырысу:

- Оқушылардың жас ерекшеліктер мен қызығушылықтарына сай келетін фильмдерді сараланады және олар сабақта қолданылады;

- 25% оқушылардың кино, бұқаралық ақпарат құралдары, театр арқылы сөйлеу дағдылары дамиды, олар түрлі жобаларда, YouTube, QR, өз бетінше инстаграмм жүргізу, тик-ток парақшаларында қоғамның өзекті мәселелері бойынша ақпаратпен бөлісетін болады;

- 20% жуық оқушылар түрлі зияткерлік қала, облыс, республика бойынша конкурс, сайыстарға қатыса алады.

Күтілетін нәтижелерді тексеру тәсілдері:

- сауалнама жүргізіп, оқушылардың деңгейлерін анықтау;

- практикалық жұмыстар жасау, жоба қорғау жұмыстары;

- әр оқушы инстаграмм, тик-ток парақшаларын ашу;

- оқушылар портфолиосын жасау;

- оқушылар түрлі зияткерлік қала, облыс, республика бойынша конкурс, сайыстарға қатысулары жайлы мониторинг жүргізу.

Апробация: Авторлық бағдарлама 2022-2023, 2023-2024 оқу жылында «Бауыржан Момышұлы атындағы жалпы орта білім беру мектебі» КММ, Павлодар қаласы, «Дарынды балаларға арналған Абай атындағы гимназия» КММ және «№ 21 жалпы орта білім беру мектебі» КММ қолданыста.

Қолдану барысында бағдарламаның ұтымды жерлері:

- оқу процесінің мақсаттылығын қамтамасыз етеді;

- оқушылардың рухани-адамгершілік, танымдық белсенділіктерін арттырады;

- кино, мультфильмдерді талдау, өздері жоба қорғау, көлеңке театрында рөлдерді сомдау барысында диалогқа қатысушылардың ақыл-ой белсенділігінің дамуына ықпал етеді; дамудың шығармашылық жағын белсендіреді; өзін-өзі дамытуына және өзін-өзі жетілдіруіне ықпал етеді; оқушылардың коммуникативтік қарым-қатынас дағдыларын дамытады;

әңгіме құру, диалог жүргізу дағдыларын қалыптастырады; қарым-қатынастың сұрақ-жауап формасы дағдыларын дамытады; маңызды жеке қасиеттерді дамытады: төзімділік, тыңдау қабілеті, басқа адамға құрмет көрсету.

Инновациялық технологиялардың бастауыш мектептегі білім сапасын арттыру:

- Әр сабақта интерактивті әдістерін қолдану;
 - Әр оқушының психологиялық ерекшеліктерін ескеру;
 - Міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып, мүмкіндік деңгейлерін ашу;
 - Инновациялық технологияларды сынау арқылы тиімділігін арттыру, мектеп жағдайына бейімдеу;
- Мониторинг жүргізу, жұмысты бағалап, қорытындылау, міндеттері жүзеге асырылды.

Бағдарламаның тақырыптары республика көлемінде «Ұстаз тілегі», «Қазақ мектебі», «Білім шыңы», «Керемет бала» журналы, ӨРЛЕУ БАҰО «Педагогическое мастерство-2023» сборник материалов конкурса, Начальное образование, номинация «Методическая разработка» бөлімінде авторлық бағдарлама жарияланды.

2.1 Оқу-тақырыптық жоспар

№	Тақырыбы	Қысқаша мазмұны	Сағат саны	Сабак түрі	
				теориялық	практикалық
1	Кино әлемі	Оқушыларға киноның шығу тарихы жайлы түсіндіріп, түрлерімен таныстыру.	3	1	2
2	«Кітап бетінен – үлкен экранға»	«Ертегілер елінде» кітабынан оқыған мультфильмдерін тамашалап, басты кейіпкерлерге баға беру, іс-әрекеттерін салыстыру, қорытынды жасау.	3	1	2
3	«Әдебиет және кино»	«Ертегілер елінде» кітабынан оқыған мультфильмдерін тамашалап, басты кейіпкерлерге баға беру, іс-әрекеттерін салыстыру, қорытынды жасау, сұхбаттасу.	3	1	2
4	Танымал кітаптар бойынша түсірілген фильмдер	Б. Соқпақбаевтың «Менің атым- Қожа» атты әлемнің көптеген тілдеріне аударылған әйгілі повесі бойынша режиссер Абдулла Қарсақбаевтың түсірген алғашқы көркем фильмінен үзіндіні талдау.	3	1	2
5	Танымал кітаптар бойынша түсірілген фильмдер	М. Әуезовтың шығармасының хикая желісімен түсірілген «Көксерек» фильмінің мазмұнын кітаптағы оқиғамен салыстыру.	3	1	2
6	«Сықырлы әлем-керемет әлем»	Режиссер Абдулла Қарсақбаевтың, Р. Хусниддинованың сценарийі бойынша түсірген «Алпамыс мектепке барады» атты фильміндегі басты кейіпкерлердің мінез-құлқын, достығын т.б. адамгершілік қасиеттерін балаларға	3	1	2

		үлгі ету.			
7	«Кино – сиқырлы әлем»	«Сан сұраққа саяхат» викториналық сұрақтары арқылы кино кейіпкерлерін, артистерді танып-білу.	3	1	2
8	«К+К»(Кино+ Кітап)	Көрген кинофильмдерден нақыл сөздер, өлең шумақтарын, музыкасын, фотосуреттерін жинақтап, «Менің өлкем» тақырыбына фильм құрастыру, топпен қорғау.	3	1	2
9	«Қоғам дық орындар ға саяхат»	Мектебіміздің кітапханасына саяхат жасау, қоғамдық орындарда өздерін ұстау, әдеп нормалары мен ержелері туралы әңгімелесу.	3	1	2
10	«Кітапхана дағы кинозал»	Көрген фильмді талдау, оқиға бойынша өз пікірлерін білдіру, кітаптан оқыған шығармамен салыстыру.	3	1	2
11	«Кітапхана дағы кинозал»	Көрген фильмді талдау, оқиға бойынша өз пікірлерін білдіру, кітаптан оқыған шығармамен салыстыру.	3	1	2
12	«Кинокрос сворд – кино – көркем шығарма»	Балалардың зейінін, байқампаздығын, ұшқыр ойларын дамыту.	3		3
13	«Мен киноға түсемін!»	Өздерін басты кейіпкерлер орындарында сезініп, ертегі, кино рөлдерін сомдауға машықтандыру.	3		3
14	«Мен киноға түсемін!»	Өздерін басты кейіпкерлер орындарында сезініп, ертегі, кино рөлдерін сомдауға машықтандыру.	3		3

15	«Киноның сырлы әлемі»	Концерттік бағдарлама жасау барысында билеттер әзірлеп, өнерлерін ортаға салу.	3		3
16	«К+К» (Кино+ Кітап) Жоба қорғау (жарнама)	Көрген кинофильмдерден нақыл сөздер, өлең шумақтарын, музыкасын, фотосуреттерін жинақтап, «Менің досым» тақырыбына фильм газет, теле-радио, фоторепортаждар, танымдық-тақырыптық сұхбаттар дайындап, топпен қорғау.	3	1	2
17	Көлеңке театрына саяхат	Көлеңке театрының шығу тарихымен, оның түрлері, жасалу жолдарымен таныстыру.	3	1	2
18	Көлеңке театрына саяхат	Ы. Алтынсарин «Әке мен бала» әңгімесін тыңдап, алған әсерлерін ортаға салып, әңгіменің тәрбиелік мәнін ашу.	3	1	2
19	Көлеңке театрына саяхат	«Қарлығаш пен дәуіт» ертегісі театрын тамашалап, ертегінің негізгі ой кілтін таба білуге баулу.	3	1	2
20	Көлеңке театрын жасаймыз (қойылым)	«Қарлығаш пен дәуіт қойылымына керекті заттар мен жануар, құстарды дайындау.	3	1	2
21	Көлеңке театры музыкалық композиция	Жетігеншілердің орындауында «Балапан қаз» композициясын тамашалап, әннің сөздерін талдау, тәрбиелік мәнін ашу.	3	1	2
22	Аудио ертегілерді дыбыстау	«Үйшік» ертегісін дыбыстау.	3	1	2
23	Аудио ертегілерді дыбыстау	«Үйшік» ертегісін дыбыстау.	3	1	2
24	Аудио ертегілерді	«Алтын сақа» ертегісін дыбыстау.	3	1	2

25	Аудио ертегілерді дыбыстау	«Асыл дәрі» ертегісін дыбыстау.	3	1	2
26	Жоба қорғау (жарнама)	«Менің қалам» тақырыбына фильм газет, теле-радио, фоторепортаждар, танымдық-тақырыптық сұхбаттар дайындап, топпен қорғау.	3	1	2
27	Мультфильм дер не үшін керек	Сүйікті мультфильмдерді қарау, олардың түрлерімен танысу. «Қобыланды батыр» мультфильмін тамашалау	3	1	2
28	Мультфильм дер не үшін керек	«Алпамыс батыр» мультфильмін тамашалау	3	1	2
29	Мультфильм дер не үшін керек	«Ертөстік» мультфильмін тамашалау	3	1	2
30	Кино-хикаялар	Оқушыларға кино кейіпкерлерін, фильмнің атауын, нақыл сөздер мен мақал-мәтелдер, кілтті сөздерді жұмбақтап жасыру.	3		3
31	«Камера, мотор, оқимыз!»	Оқылған, көрген кино, мультфильмдерінен өздеріне ұнаған кейіпкерлерін таңдап, рөлдерге бөліп, сомдайды.	3	1	2
32	«Ән салайық, көне достар!»	Кинофильм әндерін жасыру, жұмбақтау арқылы оқушылардың есте сақтау қабілеттерін тексеру. Караоке арқылы сүйікті әндерін орындау.	3	1	2
33	«Таңғажайып алаң»	Ойын арқылы бойларын сергіту, еркіндікке, ынтымақтастық қарым-қатынасқа баулу.	3		3

34	Жоба қорғау (қорытынды)	Оқушылармен жыл бойы өткен тақырыптарды қорытындылау мақсатында қайталау, бекіту, пысықтау тапсырмаларын орындап, жоба қорғау.	3		3
----	----------------------------	--	---	--	---

2.2 Авторлық бағдарлама мазмұны

1. Бөлім Синема технология (кинофильм, жоба, презентация)-16

сағат.

Мақсаты:

- Оқушылар киноның шығу тарихымен, түрлерімен танысады.
- Танымал кітаптар бойынша түсірілген кинофильмдерді көріп, кітаптағы, оқулықтағы шығармалармен салыстыра отырып түйіндейді. Өздерін басты кейіпкерлер орындарында сезініп, ертегі, кино рөлдерін сомдауға машықтанады.
- «Сан сұраққа саяхат» викториналық сұрақтары арқылы кино кейіпкерлерін, артистерді танытын болады.
- Мектебіміздің кітапханасына саяхат жасау, қоғамдық орындарда өздерін ұстау, әдеп нормалары мен ержелерін ұстануға үйренеді.
- Көрген кинофильмдерден нақыл сөздер, өлең шумақтарын, музыкасын, фотосуреттерін жинақтап, тоқсан соңында «Менің өлкем» тақырыбына фильм құрастырады.
- «Ертегілер елінде» кітабынан оқыған мультфильмдерін тамашалап, басты кейіпкерлерге баға беріп, іс-әрекеттерін салыстырып, қорытындылап, презентациялар жасап, жобаларын қорғайды.

Тақырыптары: Кино әлемі. «Кітап бетінен – үлкен экранға». «Әдебиет және кино». Танымал кітаптар бойынша түсірілген фильмдер. Танымал кітаптар бойынша түсірілген фильмдер. «Сиқырлы әлем – керемет әлем». «Кино – сиқырлы әлем». «К+К» (Кино + Кітап). «Қоғамдық орындарға саяхат». «Кітапханадағы кинозал». «Кітапханадағы кинозал». «Кинокроссворд – кино – көркем шығарма». «Мен киноға түсемін!». «Мен киноға түсемін!». «Киноның сиқырлы әлемі». «К+К» (Кино + Кітап). Жоба қорғау (жарнама).

2. Бөлім «Көлеңке театрына саяхат» (мультфильм, аудио жазбалар)-10 сағат. Мақсаты:

- Көлеңке театрының шығу тарихымен, оның түрлері, жасалу жолдарымен танысады. Көлеңке театрын өздері қолдарымен жасап үйренеді.
- Өз қолдарымен жасаған қуыршақтарын ойнатып, кейіпкерлер рөлдерін сомдап, қойылымда олардың дауыстарын келтіріп, дыбыстауға үйренеді.
- Тақырыптары:** Көлеңке театрына саяхат. Көлеңке театрына саяхат. Көлеңке театрына саяхат. Көлеңке театрын жасаймыз (қойылым). Көлеңке театры музыкалық композиция. Аудио ертегілерді дыбыстау. Аудио ертегілерді дыбыстау. Аудио ертегілерді дыбыстау. Аудио ертегілерді дыбыстау. Жоба қорғау (жарнама).

3. Бөлім Инстаграмм, Тик-Ток (bilimlend, ai mektep) - 8 сағат.

Мақсаты:

- Оқылған, көрген кино, мультфильмдерінен өздеріне ұнаған кейіпкерлерін тандап, рөлдерге бөліп, сомдайды.
- Түрлі ойын түрлері арқылы бойлары сергіп, еркіндікке, ынтымақтастық қарым-қатынасқа үйренеді.
- Кинофильм әндерін жасыру, жұмбақтау арқылы оқушылардың есте сақтау қабілеттері дамиды. Караоке арқылы сүйікті әндерін орындайды.
- Сабақтағы қызықты сәттер мен шығармашылық жұмыстарын өздерінің инстаграмм, тик-ток парақшаларында жариялайды.
- Оқушылар жыл бойы өткен тақырыптарды қорытындылау мақсатында қайталау, бекіту, пысықтау тапсырмаларын орындап, жоба қорғайды.

Бұл ретте мұғалімнің мақсаты – оқушыларға бағыт-бағдар, нұсқау беріп, оқуын бақылап, әр сабақ соңында кері байланыс ұсынып отыру.

Тақырыптары: Мультфильмдер не үшін керек. Мультфильмдер не үшін керек. Мультфильмдер не үшін керек. Кино-хикаялар. Театрға саяхат. «Камера, мотр, оқимыз!». «Ән салайық, кәне достар!». «Таңғажайып алаң» Жоба қорғау (қорытынды).

Инновациялық педагогикалық тәжірибе нәтижелерін енгізу (қолдану) туралы

Латыпова Назгул Каиркеновнаның «Синема технология» арқылы бастауыш сыныпта сөйлеу дағдысын дамыту» тақырыбындағы 3-4 сыныптарға арналған бағдарламасы бойынша білім сапасын салыстыру мониторингісі

2022-2023 оқу жылында Павлодар қаласы, «Дарынды балаларға арналған Абай атындағы гимназия» КММ мектебінің 3 «Ә» сыныбында Қыдырбаева Айгуль Зекешевнаның жетекшілігімен «Синема технология» арқылы бастауыш сыныпта сөйлеу дағдысын дамыту» тақырыбындағы 3-4 сыныптарға арналған бағдарламасы «Тіл дамыту» үйірмесінде қолданылды.

Бағдарламаны қолдану барысында сыныпта 25 оқушы болды. Оның ішінде: 13-і ұл және 12-сы қыз бала.

Сынып оқушылары ұжым ішінде ұйымшыл, белсенді, тәртіптері өте жақсы. Оқушылардың ұйымдастыру қабілеттері жоғары дәрежеде.

Оқушылар сыныптан тыс үйірме сағаттарында оқылған шығарма сюжетінің ізімен немесе еркін тақырыпта ауызша, жазбаша шығармашылық жұмыс түрлерін орындауға дағдыланған. Дегенмен, «Синема технология» бағдарламасын қолдану кезінде оқушылар көркемдік-танымдық сипаттағы мәтіндерді өз мақсатына сай іріктеп, саралап, талдап, ой қорытындысын жасай білді, алған білімдерін өмір жағдаяттарына байланысты қолданып, дұрыс шешім қабылдай алуға одан да бетер шыңдала түсті. Тапсырмалардың түрлері сыныптан тыс үйірме сағаттарында оқушылармен емін-еркін жұмыс жасап, кейбір тақырыптарды тереңірек түсінуге баулу мақсатында «синема» мен «көлеңке театрын» қолдану арқылы оқушылардың кино өнеріне, театрға деген қызығушылықтарын арттырып, бір-бірімен ынтымақтастықта, жақсы қарым-қатынаста болуға үйретті. Сонымен қатар (сендіру, эмоционалдық зияткерлік, сыни ойлау, креативтілік, мәселені шешу, жұрт алдында сөйлеу, топпен жұмыс істеу, жоба қорғау, көшбасшылық, өзін-өзі басқару) қасиеттерін дамытатын конференция, дебат-пікірталас, кинокастинг, викториналық ойын-сабақтар т.б. ұсынылған әдіс-тәсілдер білім сапасын жетілдіруіне көп септігін тигізді.

Коммуникативтік (айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым) дағдыларын қалыптастыру; оқушылардың оқырмандық мәдениетін қалыптастыра отырып, сөз әдебі нормаларын орынды қолдану дағдыларын меңгертуге көп көмек болды.


Тыңдалым мен айтылым сөйлеу әрекеттерін дамытуға ықпал еткен тапсырма үлгілері:

- тыңдауға, мазмұнын түсінуге әртүрлі жанрдағы мәтіндердің ұсынылуы;
- мәтінді қайталап тыңдатып, негізгі ойға назар аударту;
- тыңдалған мәтін бойынша сұрақтар қою;

- тыңдалған мәтіннің жоспарын құру;
- тыңдалған мәтіннің белгілі бір бөлігін өз сөзімен айтып беру;
- мәтіннің мазмұны бойынша қарама-қарсы пікір айту, дәлелдеу;
- ауызша айтылғанды түсіну және сұрақтарға жауап беру;
- ұсынылған тақырып бойынша сұхбаталу немесе сұхбат беру.

«Тыңдалым мен айтылым» дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалар мониторингісі

3 «Ә» сыныбы оқушылар саны	Тапсырмалар түрлері							
	әр түрлі жаңдағы мәтіндерді түсініп, талдай біледі	негізгі ой кілтін табады	сұрақтар қояды	жоспарын құрады	белгілі бір бөлігін өз сөзімен айтып бере алады	қарама-қарсы пікір айтып, дәлелдейді	әр түрлі дәрежелігі сұрақтарға жауап береді	ұсынылған тақырып бойынша сұхбат алу немесе сұхбат беру
25	23	25	25	25	22	21	22	21
100%	92%	100%	100%	100%	88%	84%	88%	84%




Жазылым дағдыларын дамытуға ықпал еткен тапсырма үлгілері:

- оқушыларға тапқыс ертегі, әңгіме, өлеңдердің қысқаша мазмұнын жазғызу;
- әдеби шығармадан алынған көркем, бейнелегіш сөздерді жаздыру;
- әдеби шығармадан қысқа үзінділер жаздыру;
- тыңдалған және оқылған мәтіннің, фильм немесе кітаптың қысқаша мазмұнын және алған әсерін жазу;

- интернет ресурстарымен жұмыс (тақырып мазмұны бойынша презентациялар, жобалар дайындау);
- мәтіннің тақырыбы мен бастапқы бөліміне сүйене отырып, оқиганын дамуына болжам жасау;
- сұхбатқа сұрақтар мен жауаптар дайындау.

«Оқылым» дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалар мониторингісі

3 «Ә» сыныбы оқушылар саны	шығармаға ауызша және жазбаша шолу жасау	негізгі ойы мен бөлімдерін анықтай отырып оқиды	ақпаратты табу үшін оқиды	өз көзқарасын айту және дәлелдеу үшін оқиды	интернет ресурстарымен жұмыс (тақырып мазмұны бойынша презентациялар, жобалар дайындау) жасай біледі	тақырыпқа сүйеніп, оқиганы болжайды	сұхбатқа сұрақтар мен жауаптар дайындайды
25	25	25	22	23	22	23	22
100%	100%	100%	88%	92%	88%	92%	88%



Қорыта келе, көркем шығармаларды талдау кезінде балалардың кітап оқуға деген қызығушылығы артып, сойлеу мәдениеті қалыптасып, сөз өнерін сезінуге, сонымен қатар, шығармадан қабылдағанын өзінің шығармашылық әрекетінде жүзеге асыруға ұмтылуы арқылы функционалдық сауаттылықтары арта түсті.

Мектеп директоры: С.К. Шабазанова
Сынып жетекшісі: А.З. Кыдырбаева



«Sanakids рvі» оқыту және дамыту
орталығының басшысы

Капышева Б.С.

«06» сәуіртар 2025 жыл

«Сөз өнері» үйірмесі
8-12 жас аралығындағы балаларға арналған
1 жылдық оқу бағдарламасы

Құрастырушы: Шакенова Шынар Айтимовна

Павлодар, 2025 жыл

«Сөз өнері» үйірмесінің оқу бағдарламасы ТҮСІНІК ХАТ

Тіл – халықтың жаны, сәні. Адамды мұратқа жетелейтін ана тілі мен ата-баба «Сөз өнері» үйірме сабағында тіл заңдылықтарына сай дұрыс сауатты білуге, сөйлеу техникасы - дұрыс дем алу, дикция, дауыс сапасын дамытуға, тілмен қарым-қатынас жасай білуге үйрету көзделген. Пікір айту, баяндау, талдау, дәлелдеу, байланыстырып сөйлеу мүмкіндіктерін арттыру жұмыстары жүзеге асырылады. Сөйлеу техникасы, сөйлеу аппараты, дыбыстау мүшелері, сөздің құрылымы дауыстап оқу жайында мағлұмат беру; әдеби тілде дұрыс сөйлеу техникасын меңгеру; мәнерлеп оқу мен әңгімелеп берудің негізгі тәсілдері жайлы мағлұмат беріледі. Сөйлеу білім беру және оны меңгеру жолдарына бағыттау; қазақ халқының тіл мен сөзді мәнерлеп, өлеңді мақалдап оқу дәстүрімен таныстыру қаралған. Тілмен қарым-қатынас құралы болғандықтан, оның өзара түсіну үшін жұмсалатынын меңгеру (коммуникативтік қызметін) ескерумен бірге сөйлегенде ымдық қимылдар да қолданылатынын ескеру.

«Сөз өнері» пәні арқылы оқушылардың рухани дүниесін байыта отырып, тіл мен сөзді меңгерулері атанған данышпан би – шешендердің шығармаларын таныстыру және тілдерін жаттықтырамыз, яғни ұлт шешендерінің шығармаларының мазмұнын аша білетін тұлғаларды тәрбиелейміз.

Үйірменің оқу материалына халық ауыз әдебиеті үлгілерін сабақ мазмұнына сай енгізу баланың алған білімін толықтырып, байытып жан-жақты дамытуға дейекті ықпал етеді. Оқушыларды шығармашылық ізденіс жұмыстарына баули отырып, би – шешендер мұраларын тани білуге және шығармашылық, әсерлі сөз қолданыстарына теориялық тұрғыдан талдау жасауға үйретеді.

«Сөз өнері» үйірмесі 8-12 жас аралығындағы балаларға арналған. Үйірме аптасына 4 сағат, жылына 192 сағатқа берілген. Бұл үйірме оқушылардың әдеби мұраларға деген талғамын тәрбиелейді, рухани дүниесін кеңейтеді, ақыл-ойы мен ұлттық сана сезімін дамытуға ықпал жасап, ауызекі және жазба тілде байланыстырып сөйлеуін дамытады. Оқушылардың қазақ тілі мен әдебиет сабақтарына қызығушылығы мен функционалдық сауаттылығын арттыруға бағытталған.

Сондықтан бұл үйірмеде оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырып, ұлттық асыл мұраларын дәріптейтіндей, жеке тұлғаны дамытып, оқуға деген қызығушылықтарын оятып, адамгершілікке, ізгілікке, сыйластыққа тәрбиелеп, еркін дамуына жол ашу көзделеді.

Мақсаты:

- Ұлттық асыл мұраларымызды жан-жақты таныту арқылы ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу;
- халқымыздың сөз өнерін, әдет-ғұрпын, тілін ұлттық құндылық ретінде бағалайтын, функционалды сауатты, білімі мен білік дағдыларын қалыптастыру;

- алған білімдерін өз қажеттілігіне қолдана білетін, ұлттық сана-сезімі оянған, сөйлеу әдебін меңгерген, ойы терең, рухани дүниетанымы бай, адамгершілігі жоғары, шығармашылықпен айналысатын тұлға қалыптастыру.

Міндеттері:

- Білімді дара тұлғаға бағдарлау (бейімдеу, дамыту, психологиялық үйлесімділік, өмірлік қажеттілік);
- Тілдік білімді функционалдық тұрғыдан сұрыптау;
- Пәнаралық байланысты сақтау;
- Әрекетшілдік-бағдарлылық ұстанымы (әрекетке үйрету, оқу жағдаятындағы әрекеттен өмірлік жағдаяттық әрекетке көшу, оқу танымдық әрекеттен оқушының өзіндік әрекетіне көшу);
- Алынған білімді бекіту және өзін-өзі бақылау;
- Шығармаларды образға салып оқи білуге;
- Алған әсерлерін айшықты тілмен жеткізе білуге;
- Шығармашылық және ізденіс жұмыстарына баулу;
- Өздігінен білім алуға үйрету функциясы.

Күтілетін нәтиже:

- Ұлттық асыл мұраларымызды жан-жақты таниды;
- Халқымыздың сөз өнерін, әдет-ғұрпын, тілін ұлттық құндылық ретінде бағалай алады;
- Эстетикалық талғамы жоғары, функционалды сауатты, білім, білік дағдылары қалыптасқан, алған білімдерін өз қажеттілігіне қолдана білетін, ұлттық сана-сезімі оянған, сөйлеу әдебін меңгерген, ойы терең, рухани дүниетанымы бай, адамгершілігі жоғары, шығармашылықпен айналысатын тұлға қалыптасады.

Нысана:

- Оқушылардың сөйлеу дағдысы қалыптасады;
- көркем сөйлеу мәнері, тілдік тәсілдер мен сөз шеберлігін орнымен қолдану қабілеттері дамиды;
- Оқушының сөйлесім дағдыларын дамыту сатылап, олардың өзара сабақтастығына негізделіп жүргізіледі. Сөйтіп, негізгі деңгейдегі оқушы білімі сауаттылық дағдыларына табан тірейді де, бейіндік деңгейдегі сөз мәдениеті қалыптасады.

112

**«Сөз өнері» үйірмесінің бағдарламасына арналған
тақырыптық жоспар /192 сағат/**

Тақырыбы		Сағат саны	Мерзі мі	Ескер ту
Кіріспе				
Кіріспе. Сөз өнері жайлы ғылым		2		
I тарау Сөз өнері				
Сөзбен сомдалған тұлға (образ, көркем бейне, метафора, көркем шығарма)		2		
Әдеби тектер (эпос, лирика, драма)		2		
Сөз өнеріндегі тек пен түр		2		
Сөз өнеріндегі бет пен бағыт		2		
Сөз сыры		2		
Сөз сарасы (буын, тармақ)		2		
Көркем сөздің қоғамда атқаратын рөлі		2		
Мәнерлі сөйлеу техникасы		2		
10	Дауыс және оның өзіндік бояуы	4		
11	Дикция	4		
12	Екпін	2		
13	Сөйлеу әуені (мелодикасы)	4		
14	Жүргізушілік қабілеттерін тексеру	4		
15	Сахнада сөйлеу, жүру мәдениеті	4		
16	Өзін-өзі еркін ұстау	2		
17	Сөйлеу нақышы (тембр)	2		
18	Бағдарламамен жұмыс	4		
19	Жұрт алдында сөйлеу мәдениеті	4		
20	Монологтік оқу әдісі	4		
21	Диалогтік оқу	4		
II тарау. Ауыз әдебиеті				
22	Ауыз әдебиетті. Түрлері	2		
23	Салт өлеңдері мен бата-тілек жырлары	4		
24	Төрт түлік мал жайындағы өлең-жырлар.	4		
25	Наурыз туралы өлеңдер.	4		
26	Мақал-мәтелдерді тақырыптық жағынан іріктеу, жинау	4		
III. Шешендік өнер туралы түсінік				

37	Шешендік өнер тарихынан	2		
38	Шешен сөйлеу сыры	4		
39	Дау шешетін дана сөздер	4		
40	Ұлттық шешендік өнер	2		

IV тарау. Түгел сөздің түбі бір...

31	«Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би»	4		
32	Аяз бидің ғұмырнамасы	4		
33	Жиренше шешен – ақыл-парасаттың, тапқырлықтың символы	4		
34	Асан қайғы – тереңнен толғайтын сөз зергері	4		
35	Шығармаларының көркемдік ерекшелігі	2		
36	Асан қайғы шығармаларындағы жер-су атаулары	2		
37	Қазақ жыраулар поэзиясының атасы – Шалкиіз Тіленшіұлы	2		
38	Ш.Тіленшіұлы толғауларындағы метафора мен эпитеттің қолданылуы	2		
39	Бұқар жыраудың даналық сөздері	2		
40	Бұқар толғауларындағы теңеу мен эпитет	2		
41	Бұқар жырау толғауларындағы елдік мәселесі	2		
42	«Тәуке хан заңдарының» («Жеті жарғы») қабылдануы	2		
43	«Жеті жарғы» заңының тілдік сипаты	2		

VI тарау. Би-шешендер шығармаларындағы сөз өнері

44	«Бір ауыз сөзі мың ауыз сөзге татитын» Төле бидің төрелігі	2		
45	Төле би толғауларындағы метафора мен метонимия	4		
46	Дүниені дуалы аузымен бағындырған, киелі өнеріне табындырған Қазыбек бидің шешендігі	2		
47	Шығармаларында кездесетін аллитерация мен ассонанс	2		
48	Аты аңызға айналған ақыл – ой алыптарының бірі – Әйтеке би	2		
49	Әйтеке шығармаларындағы шендестіру	2		
50	Мөңке бидің өмір құбылыстарына берген бағасы	2		
51	Шығармаларының көркемдік ерекшелігіне талдау	2		
52	«Аузынан гүл, көзінен от төгілген» Бөлітірік шешеннің қанатты сөздері	2		

53	Бәлтірік шешен сөздерінің көркемдік ерекшелігі	2		
54	Дүниетанымы терең, түйсігі ерен, білім-білігі кемел	4		
55	Сырым батыр			
56	Досбол шешеннің тапқырлыққа суарылған сөздері	4		
VII тарау. Абай әлеміндегі сөз өнері				
56	Абайдың билік айту өнеріндегі шеберлік сырлары	2		
57	Абайдың «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» еңбегінің тілі	4		
58	Абайдың нақыл сөздері			
59	Шешендік сөз өнерінің – Отаны	6		
60	Прозалық шығармаларды мәнерлеп оқу	2		
61	Поэзиялық шығармаларды мәнерлеп оқу	4		
62	Сахнада мәнерлеп оқу, оны жүргізу әдістері	4		
63	Мәдени шаралар, оны жүргізу әдістері	4		
64	Мәнерлеп оқуға төселдіру жаттығулары	4		
65	Сөз сырына үңілсем...	2		
66	Қорытынды сабақ	2		
	Барлығы	192		

«Сөз өнері» үйірмесінің жылдық іс-шаралар тізімі

№	Тақырыбы	Мақсаты	Өтілу мерзімі	Өтілу формасы	Іс-шара түрі
1	«Қош келдің -, Әз Наурыз!»	Қазақтың ұлттық әні мен өнерін насихаттай отырып, баланың ұлттық мерекемізге деген құрметін арттыру	Наурыз	стационарлы	Есеп беру іс-шара
2	«Көркем сөз» мәнерлеп оқу сайысы	Көркем, шешендік сөздерді, өлең, толғауларды тәрбие құралы ретінде кеңінен қолдана отырып,	Мамыр	стационарлы	Есеп беру іс-шара

	шешендік өнерге қызығушылығын арттырып, оқушыны шешен сөйлеуге үйрету.			
3 Сөз сырына үнілсем... байқауы	Ұлттық өнеріміз, оның ішінде шешен, ақын, билеріміздің мұраларын құрметтеуге үйрету, сол арқылы ұлттық салт-дәстүрімізді насихаттау.	Шілде	стационарлы	Баланың заңды өкілдеріне арналған ашық сабақ
4 Көркем сөздің көсемі байқауы	Балалардың «Сөз өнері» үйірмесінде үйренген дағдылары мен өнерін көрерменге паш етіп, жастардың ұлттық шешендік өнерге қызығушылығын ояту.	Тамыз	стационарлы	Есеп беру іс-шара

Атауы	Сипаттамасы	Саны
Сөз өнері		96
Сөз өнері үйірмесіне қатысты мұғалімге арналған оқулықтар	<p>Мұғалімдерге арналған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Н.Төрекұлов. Даланың дара ділмарлары. Алматы, 2001 2. Ай, заман – ай, заман — ай. II том, Алматы, 1998 3. "Үш пайғамбар" кітабы 4. М.Қожаев «Жеті жарғы». Шымкент қаласы, 1993 5. «Сырымның шешендік сөздері» кітабы 6. «Бес ғасыр жырлайды». I, II, III томдары 7. Интернет материалдары 8. Ғылыми – танымдық журналдар 9. «Аңыз адам» журналы 10. Баспасөз деректері 11. Дау шешеді дана сөз. Алматы, 1996 12. Абай. Энциклопедия. 1995 13. М.Балақаев, Р.Әміров, Ө.Айтбаев «Сөз өнері». Алматы, 1999 14. Қ.Өмірәлиев. Абай афоризмі. Алматы, 1993 15. «Сөз өнері» (әдебиет теориясы негіздері) оқулығы. З. Қабдолов 16. «Мәнерлеп оқу» арнайы курс бағдарламасы. Қазақ тілі мен әдебиет журналы №12 2009ж. 17. «Мың бір маржан» А.Сейдімбеков «Өнер» 18. «Қазақтың би шешендері» «Жалын» 	<p>5</p> <p>100</p>
Сөз өнері үйірмесіне қатысты оқушыларға арналған оқулықтар		

114

	Оқушыларға арналған: 19. Қ.Өмірәлиев. Абай афоризмі. Алматы, 1993 20. «Сөз өнері» (әдебиет теориясы негіздері) оқулығы. З. Қабдолов 21. «Мәнерлеп оқу» арнайы курс бағдарламасы. Қазақ тілі мен әдебиет журналы №12 2009ж. 22. «Мың бір маржан» А.Сейдімбеков «Өнер» 23. «Қазақтың би шешендері» «Жалын»	
Сөз дағдыларын дамытуға арналған жаттығулар (көмекші құралдар)	Журналдар, оқу құралдары, жаттығуға арналған құралдар	3
4 Үнтаспа	Шешендік сөз, толғау мәтіні жазылған үнтаспа	10
5 Сөз өнері дәптері	Сөз өнеріне арналған дәптер	100
6 Парта	Балалардың жас ерекшеліктеріне қарай парта	10
7 Орындық	Балалардың физикалық ерекшеліктеріне қарай таңдалған орындықтар	10

Балалардың жеке инвентаризациясы мен киімдері

№	Қыз балаға	Ұл балаға
1	Арнайы костюм	Арнайы костюм
2	Белдемше	Шалбар
3	Төсбелгі	Төсбелгі

Сабақ кестесі

Апта күндері	Сабақ реті	Уақыты	Үйірме атауы	Тобы
Дүйсенбі	1	9:00-10:30	Сөз өнері	I топ
	2			
	3			
	4			
	5			
Сейсенбі	1	9:00-10:30	Сөз өнері	II топ
	2			
	3			
	4			
	5			
Сәрсенбі	1	9:00-10:30	Сөз өнері	I топ
	2			
	3			
	4			
	5			
Бейсенбі	1	9:00-10:30	Сөз өнері	II топ
	2			
	3			
	4			
	5			
Жұма	1			
	2			
	3			
	4			
	5			

ЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЙІРМЕГЕ ҚАТЫСУШЫЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. МАҚСАТЫ

Ережелердің мақсаты – «Сөз өнері» үйірмесіне қатысушылардың Орталықтың ішкі талаптарын орындауы және олардың үйірме ғимараты аумағында қоғамдық тәртіпті сақтауын қадағалау.

Ережелер бекітілген күннен бастап күшіне енеді және Орталықтың директоры бұйрығымен жойғанға дейін қолданыста болады.

2. ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ

Ережелер Орталықтың барлық қатысушыларына, оқушыларға қолданылады.

Ережелердің қолданылу аясы үйірме қатысушыларының орталық аумағында болу кезіндегі тәртібі болып табылады.

3. ҮЙІРМЕ ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

1. ҮЙІРМЕ ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Үйірме қатысушысы құқылы:

1. Орталықта мемлекеттік стандартқа сәйкес оқытудың түрлі бағдарламалары бойынша қосымша білім алуға;
2. Орталықтағы сабақ үрдісін ұйымдастыру: бағдарламалар, оқу жоспарлары мен кестелер, сабақ кестелері, т.б. туралы қажет ақпаратты алуға;
3. Орталықтағы «Сөз өнері» үйірмесінің бағдарламалары, оқу жоспарларында қарастырылған оқу сабақтарының барлық түріне қатысуға;
4. Үйірмедегі топтық, командалық құрамға қабылдануға;
5. Белгіленген тәртіпке сәйкес орталықтағы киім-кешек мен оқу құралдарын тегін пайдалануға;
6. Үйірме және үйірмеден тыс жеткен жетістіктері үшін моральдық, материалдық және марапаттаудың басқа да түрлерін алуға.

3.2. ҮЙІРМЕ ҚАТЫСУШЫСЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

Үйірме қатысушысының міндеті:

1. Орталықтың талаптарын сақтауға, ішкі тәртіп ережелерін, бұйрықтар мен өкімдерді орындауға;
2. Өрт қауіпсіздігі, техникалық қауіпсіздік, гигиена және санитарияның қажетті талаптарын орындауға;
3. Орталық аумағында белгіленген қоғамдық тәртіпті сақтауға;
4. Оқу ғимараттарында сөйлесудің, қарым-қатынастың және тәртіптің тыныш режимін сақтауға, оқушылар мен қызметкерлер жұмысына кедергі келтірмеуге;

5. Басқа оқушылардың тәртіп бұзуының алдын алуға, тәртіп немесе оқу процесінің бұзылуы туралы орталықтың қауіпсіздік қызметкерлеріне немесе басшылыққа хабарлауға;
6. Барлық сынып бөлмесінде тазалық пен тәртіпті сақтауға;
7. Тәртіпті, өзара сыпайылық ережелерін сақтауға және әкімшілік қызметкерлеріне, Күзет өкілдеріне құрмет көрсетуге;
8. Орталықтың материалдық құндылықтарын күтіп ұстауға;
9. Оқудан тыс жұмысқа жататын іс-шараларға қатысу кезінде нақты іс-шараны өткізу регламентінің тармақтарын сақтауға;

1.ҮЙІРМЕ ҚАТЫСУШЫЛАРЫНА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ:

- 1.1. Осы Ережелерді бұзуға;
- 1.2. Өзгелерге, өз өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін кез келген іс-әрекетті орындауға;
- 1.3 Оқу орталығының аумағында оқушылармен, қызметкерлермен және басқа да тұлғалармен қарым-қатынаста дөрекі сөздер қолдануға және жоғары ренктеңгімелесуге, балағат сөздерді қолдануға, қарым-қатынастарды нақтылау үшін ене күшін қолдануға;
- 1.4 Оқу үрдісіне кедергі келтіретін әрекеттерді орындауға;
- 1.1.5 Мүлік пен жабдықты бүлдіруге, орталықтың материалдық базасына залал келтіруге;
- 4.1.6. Әкімшіліктің рұқсатынсыз орталықтың тиесілі бағдарламалық және техникалық құралдардың конфигурациясын өзгертуге;
- 4.1.7 Әкімшіліктің рұқсатынсыз орталықтың ғимараттарында жиһаздың, жабдықтың жинақтылығын, орналасуын және орналасқан жерін (орналасуын) өзгертуге;
- 4.1.8 Оқу ғимараттарынан мүлікті, жабдықты және басқа да материалдық құндылықтарды арнайы рәсімделген рұқсаттамасыз шығаруға;
- 4.1.9. Орталық әкімшілігінің рұқсатынсыз демалыс және мереке күндері (19.00-ден кейін) оқу орталығының ғимаратында болуға;

5.1 . МАРАПАТТАУЛАР

5.1.1. Орталықтағы үйірме қатысушыларына шешен сөйлеудегі үздік үлгерімі, сабаққа тұрақты қатысуы және музыкалық шараларға белсене араласқаны үшін марапаттаудың келесі түрлері тағайындалады:

- алғыс жариялау;
- басшының атынан алғыс хатпен марапаттау;
- Құрмет грамотасымен марапаттау;
- бағалы сыйлықтармен марапаттау;
- ата-анасына алғыс хат беру;

- 115
120
5. Басқа оқушылардың тәртіп бұзуының алдын алуға, тәртіп немесе оқу процесінің бұзылуы туралы орталықтың қауіпсіздік қызметкерлеріне немесе басшылыққа хабарлауға;
 6. Барлық сынып бөлмесінде тазалық пен тәртіпті сақтауға;
 7. Тәртіпті, өзара сыпайылық ережелерін сақтауға және әкімшілік қызметкерлеріне, Күзет өкілдеріне құрмет көрсетуге;
 8. Орталықтың материалдық құндылықтарын күтіп ұстауға;
 9. Оқудан тыс жұмысқа жататын іс-шараларға қатысу кезінде нақты іс-шараны өткізу регламентінің тармақтарын сақтауға;

4.1.ҮЙІРМЕ ҚАТЫСУШЫЛАРЫНА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ:

- 4.1.1. Осы Ережелерді бұзуға;
- 4.1.2. Өзгелерге, өз өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін кез келген іс-әрекетті орындауға;
- 4.1.3 Оқу орталығының аумағында оқушылармен, қызметкерлермен және басқа да тұлғалармен қарым-қатынаста дөрекі сөздер қолдануға және жоғары реңкте әңгімелесуге, балағат сөздерді қолдануға, қарым-қатынастарды нақтылау үшін дене күшін қолдануға;
- 4.1.4 Оқу үрдісіне кедергі келтіретін әрекеттерді орындауға;
- 4.1.5 Мүлік пен жабдықты бүлдіруге, орталықтың материалдық базасына залал келтіруге;
- 4.1.6. Әкімшіліктің рұқсатынсыз орталықтың тиесілі бағдарламалық және техникалық құралдардың конфигурациясын өзгертуге;
- 4.1.7 Әкімшіліктің рұқсатынсыз орталықтың ғимараттарында жиһаздың, жабдықтың жинақтылығын, орналасуын және орналасқан жерін (орналасуын) өзгертуге;
- 4.1.8 Оқу ғимараттарынан мүлікті, жабдықты және басқа да материалдық құндылықтарды арнайы рәсімделген рұқсаттамасыз шығаруға;
- 4.1.9. Орталық әкімшілігінің рұқсатынсыз демалыс және мереке күндері (19.00-ден кейін) оқу орталығының ғимаратында болуға;

5.1 . МАРАПАТТАУЛАР

5.1.1. Орталықтағы үйірме қатысушыларына шешен сөйлеудегі үздік үлгерімі, сабаққа тұрақты қатысуы және музыкалық шараларға белсене араласқаны үшін марапаттаудың келесі түрлері тағайындалады:

- алғыс жариялау;
- басшының атынан алғыс хатпен марапаттау;
- Құрмет грамотасымен марапаттау;
- бағалы сыйлықтармен марапаттау;
- ата-анасына алғыс хат беру;

115
121

және марапаттаудың басқа да түрлері.

5.1.2. Ынталандыру басшының бұйрығымен жарияланады және топтағы білім алушылардың назарына жеткізіледі. Ынталандыру туралы бұйрықтың көшірмесі үйірмеге қатысушының жеке іс парағында сақталады.

5.2. СЫРТҚЫ КЕЛБЕТІ

5.2.1. Орталықтағы үйірме қатысушыларының сыртқы келбеті ұқыпты болуы керек. Оқу ғимаратында сырт киіммен, бас киіммен жүруге тыйым салынады.

5.3. ОҚУ ІС-ШАРАЛАРЫНДАҒЫ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІ

5.3.1. Қатысушы оқу іс-шараларының басталуына кешікпей келуге міндетті (дайындық сабақтары мен концерттік шаралар және т. б.).

5.3.2. Сабақ басталғаннан кейін білім алушылардың кабинетке кіруі үйірме жетекшісінің рұқсатымен ғана жүзеге асырылады.

6. ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ

Басшы бекіткен сәттен бастап күшіне енеді және оларды басқа ішкі актімен ауыстыру туралы басшының нұсқауымен, тиісті бұйрығымен жойылғанға дейін қолданылады.



БЕКІТЕМІН
«Sanakids.ru» оқыту және дамыту
орталығының басшысы

Капышева Б.С.

«06» қаңтар 2025 жыл

**«Балақай әлеміне саяхат» үйірмесі
5-6 жас аралығындағы балаларға арналған
оқу бағдарламасы**

Қосымша білім беру педагогы Ермекова
Галия Тагаровна

Павлодар, 2025 жыл

126

Білім беру бағдарламасы
«Балақай әлеміне саяхат»
мектепке дейінгі білім беру үшін (5-6 жас)

АЛҒЫ СӨЗ

«Балақай әлеміне саяхат» бағдарламасы мемлекеттік тілді үйренуге ыңғайдаланған. Бұл курс балалардың еркін, әдемі және сауатты сөйлеу дағдыларын дамытуға арналған.

Бүгінде мемлекеттік тілді үйрену – Қазақстан Республикасы азаматтарының күнделікті өмірі, жұмысы мен оқуына қажетті маңызды элемент.

Тіл білу – бәсекеге қабілетті білімнің негізі. Қазақ тілін білу жеке тұлғаның бәсекеге қабілетті болуына ықпал етеді.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ:

- Тілдің күнделікті қолданылуына назар аудару, ауызекі сөйлеуді дамыту.
- Білікті, тәжірибелі педагогтар.
- Сабақтар интерактивті әдістемелерді қолдану арқылы өтеді, бұл материалды қызығушылықпен меңгеруге, түрлі әрекеттерді жиі ауыстыруға мүмкіндік береді.
- Әр сабақта мультимедиялық қосымшаларды пайдалану баланың қызығушылығын арттырады.
- Оқу басталар алдында және әр модуль аяқталған соң тестілеу өткізіледі.
- Жеке тәсіл.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ:

Балалардың сөздік қорын байыту, дұрыс айтылу дағдыларын қалыптастыру және қазақ тілінің негізгі грамматикалық құрылымдарын меңгерту.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МІНДЕТТЕРІ:

- Қазақ тіліне деген қызығушылық пен сүйіспеншілік қалыптастыру.
- Балалардың сөздік қорын байыту.
- Дұрыс айтылу дағдыларын дамыту.
- Грамматика мен синтаксис негіздерін үйрету.
- Тыңдау және түсіну қабілеттерін дамыту.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ НЕГІЗГІ БӨЛІМДЕРІ

1. Ауызша сөйлеуді дамыту

- Тақырыптар: Отбасы, достар, жануарлар, табиғат, мерекелер.

- Әдістер: Ойындар, әндер, өлеңдер, әңгімелер, диалогтар.

127

Күтілетін нәтижелер: Балалар қысқа әңгіме айтып, заттар мен оқиғаларды атап, қарапайым диалог жүргізе алады.

Сөздік қор

Тақырыптар: Түстер, сандар, пішіндер, тәулік уақыты, апта күндері.

Әдістер: Суретті карточкалар, ассоциацияға арналған ойындар, әндер.

Күтілетін нәтижелер: Балалар негізгі түстерді, 20-ға дейінгі сандарды, апта күндерін және тәулік уақытын атай алады.

Айтылым

Тақырыптар: Артикуляциялық жаттығулар, дыбыстық ойындар.

Әдістер: Өлең оқу, дыбыстарды қайталау, логопедпен жұмыс.

Күтілетін нәтижелер: Балалар қазақ тілінің негізгі дыбыстарын дұрыс айтып, қиын дыбыстарды ажыратып, дұрыс айта алады.

4. Грамматика және синтаксис

Тақырыптар: Негізгі сөз таптары (зат есім, сын есім, етістік), қарапайым сөйлемдер.

- **Әдістер:** Сөйлем құрастыруға арналған ойындар, сөз таптарын тануға арналған жаттығулар.

- **Күтілетін нәтижелер:** Балалар қарапайым сөйлем құрап, зат есімдерді, сын есімдерді және етістіктерді дұрыс қолдана алады.

5. Ауызша сөйлеуді қабылдау және түсіну

- **Тақырыптар:** Ертегілер, әңгімелер, аудио жазбалар тыңдау.

- **Әдістер:** Тыңдау және талқылау, тыңдаған бойынша сұрақтар қою, қайта айтып беру.

- **Күтілетін нәтижелер:** Балалар әңгімелердің негізгі мазмұнын түсініп, мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріп, естігенін қайта айтып бере алады.

Әдістемелік тәсілдер

- Ойын түріндегі оқыту: Материалды бекітуге арналған ойындар қолдану.

- Басқа пәндермен интеграция: Қазақ тілін музыка, сурет салу және дене шынықтыру сабақтарына енгізу.

- Жеке тәсіл: Әр баланың даму деңгейін ескеру, дифференциалды тапсырмалар беру.

Нәтижелерді бағалау

- Сабақ барысында балаларды бақылау.

- Ауызша және жазбаша тапсырмалар.

- Алған білімдері мен дағдыларын көрсетуге арналған қорытынды сабақтар.

Бұл бағдарлама балаларға қазақ тілін қызықты әрі танымдық формада меңгеруге мүмкіндік беретін тиімді орта қалыптастыруға бағытталған.

КҮНТІЗБЕЛІК-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

Ай	Апта	Тақырып	Сабақтың мазмұны
Қыркүйек	1	«Сәлеметсіз бе?»	Танысу, амандасу. Ойын «Кім қалай аталады?». Ән «Сәлем!»
	2	«Сәлеметсіз бе?»	Кошеметтеу сөздерін қайталау. Портреттерді жазбалармен салу. Танысу диалогтары.
Қазан	1	«Менің отбасым»	Сөздер: ата, апа, әке, ана, аға, әпке. Отбасы ағашын салу. Қойлым «Отбасындағы әңгіме».
	2	«Менің отбасым»	Ойындар: «Сөздерді тап», «Отбасын ата». «Бауырлар» ертегісін оқу.
Қараша	1	«Біздің үй»	Сөздер: үй, бөлме, асхана, төсек, үстел. Ойын «Тапшы». Армандағы үйді суреттеу.
	2	«Біздің үй»	Диалог: «Бұл кімнің бөлмесі?». «Менің үйім» конкурс аппликациясы
Желтоқсан	1	«Жыл мезгілдері»	Сөздер: қыс, көктем, жаз, күз. «Қысқы орман» аппликациясы. Өлең «Көктем келді».
	2	«Жыл мезгілдері»	Ойын «Қай мезгіл?». Күзгі маусымдар бойынша сурет салу. Қыс туралы өлеңді жаттау.
Қантар	1	«Жануарлар әлемі»	Сөздер: ит, мысық, қоян, қасқыр, түлкі. Ойын «Кім қалай дыбыстайды?». «Қасқыр мен қоян» ертегісін оқу.
	2	«Жануарлар әлемі»	Жануарларды сурет салу. Өңгімелер құрастыру: «Менің жануарам
Ақпан	1	«Түстер»	Сөздер: қызыл, көк, жасыл, сары, ақ. Ойын «Түстерді ата». Кемпіркосақ суретін салу.
	2	«Түстер»	«Түстер әлемі» конкурсы. «Ала күшіктің оқиғасы» ертегісін оқу.
Наурыз	1	«Наурыз мерекесі»	Наурыз мейрамының дәстүрлері. Сөздер: дастархан, бауырсақ, шұбат. Ойын «Наурыз көже құрастыру».
	2	«Наурыз мерекесі»	Қазақ музыкасына би. Қолөнер: дастарқанды безендіру.

Сәуір	1	«Менің достарым»	Сөздер: дос, ойын, күлкі. Игра «Менің досым кім?». Достық туралы өлеңдер оқу.
	2	«Менің достарым»	Интерактивті ойын «Достық көпірі». Коллаж құрастыру «Біз бірге».
Мамыр	1	«Саяхат»	Қайталау өтілгендерді. Интерактивті ойын «Тіл саяхаты».
	2	«Саяхат»	Бітіру кеші қазақ тілі элементтерімен. Көрініс көрсетілімі.

Материалды-техникалық қамтамасыз ету:

- Тарату материалдары (карточкалар, бояу кітапшалары, аппликациялар).
- Қазақ тіліндегі музыкалық жазбалар.
- Мультфильмдермен бейнемазмұндар.
- Ойын жиынтықтары (лотто, пазлдар).

